

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Байзақ ауданының білім бөлімінің
Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

«Бекітілді»

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының
2023 жылдың 31 тамыздағы №1 педагогикалық
кеңесінде. Гимназия директоры:

_____ Кайпулдаев А.К.

«31» тамыз 2023 жыл

Мектепшілік бақылау жоспары

2023-2024 оқу жылы

Сарыкемер ауылы

Мектепшілік бақылау туралы ЕРЕЖЕ

Түсінік хат

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектепшілік бақылау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Мектепшілік бақылауды білім беру ұйымының әкімшілігі және білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен тағайындалған уәкілетті адамдар жүзеге асырады. Мектепшілік бақылаудың негізін әкімшілік пен педагогикалық ұжымның педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыруға, педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру және ынталандыру мақсатында оларға әдістемелік көмек көрсетуге бағдарланған демократиялық негіздегі өзара іс-әрекеті құрайды.

Мектепшілік бақылаудың нәтижелері талдаушылық анықтама, мектепшілік бақылаудың нәтижелері туралы анықтамалар, тексерілген мәселе бойынша істердің жәй-күйі туралы баяндама түрінде ресімделеді. Қорытынды материалда фактілер тіркеледі, қорытындылар жасалады, қажет болған кезде ұсыныстар жасалады.

Мектеп әкімшілігі мектепшілік бақылауды тиімді ұйымдастыру үшін бақылаудың түрлері мен формалары, әдістері және бағалау шараларын жүргізудің әдіснамалық негіздерімен таныс болуы қажет. Білім беру ұйымын басқару саласындағы теориялық және әдіснамалық білімдер мектеп дамуының және табыстылығының мызғымас іргетасы болып табылады.

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына,

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және мектепшілік бақылау мазмұны мен жүзеге асыру тәртібін регламенттейді.

1.2. Мектепшілік бақылау – оқу-тәрбие процесінің жай-күйін, білім беру ұйымдарының және білім алушылар мен педагогтердің дамуы үшін жағдайдың сапасын зерделеу және талдау.

Мектепшілік бақылауды білім беру ұйымының әкімшілігі және білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен тағайындалған уәкілетті адамдар жүзеге асырады.

1.3. Мектепшілік бақылаудың негізін әкімшілік пен педагогикалық ұжымның педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыруға, педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру және ынталандыру мақсатында оларға әдістемелік көмек көрсетуге бағдарланған демократиялық негіздегі өзара іс-әрекеті құрайды.

1.4. Білім беру ұйымы мектепшілік бақылау жоспарын әзірлеуде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы басшылыққа алынады.

1.5. Мектепшілік бақылау туралы Ережені оған өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқығы бар ПҚ бекітеді.

1.6. Мектепшілік бақылаудың мақсаттары:

- Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді орындау;

- білім беру мекемесі қызметін жетілдіру;
- оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру;
- білім беру процесіне қатысушылардың құқықтарын қорғау;
- педагогтердің кәсіби деңгейін жетілдіру болып табылады.

1.7. Мектепшілік бақылаудың міндеттері:

- білім беру саласындағы заңнаманың орындалуына бақылау жасауды жүзеге асыру;
 - заңнамалық және де басқа нормативтік-құқықтық актілерді бұзушылық және орындамау оқиғаларын айқындау, олардың жолын кесу шараларын қабылдау;
 - бұзушылықтардың негізінде жатқан себептерге талдау жасау, олардан сақтандыру жөнінде шаралар қабылдау;
 - педагогикалық қызмет нәтижелерін зерделеу, білім беру үдерісін ұйымдастырудағы оңды және жағымсыз үрдістерді айқындау және осының негізінде педагогикалық тәжірибені тарату мен жағымсыз үрдістерді жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
 - бақылау үдерісінде педагогикалық қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету.
 - барлық оқу пәндері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарының сақталуын кезеңді түрде бақылау;
 - оқу пәндерін оқыту сапасын, педагогтердің оқу-тәрбие жұмысының мазмұнына, нысандары мен әдістеріне ғылыми негізделген талаптарды сақтауын жүйелі бақылау;
 - білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін кезең- кезеңімен бақылау;
 - құжаттаманы бақылау (журналдар, күнделіктер, дәптерлер және т. б.);
 - жалпыға міндетті оқыту бойынша іс-шаралардың орындалуын бақылау (тамақтандыруды ұйымдастыру, материалдық көмек, үйде оқыту және т. б.);
 - үйірмелердің, факультативтердің және спорт секцияларының жұмысын бақылау (сабақтардың жүйелілігі, сабақтардың саны, сабақтардың тақырыбы және т. б.);
 - қаржылық-шаруашылық қызметтің тиімділігін анықтау, материалдық-техникалық базаны жетілдіру;
 - мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайын бақылау;
 - ұзартылған күн топтарының жұмысын және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ыстық тамақтануын ұйымдастыруды бақылау;
 - еңбектің қорғалуын және қауіпсіздік техникасының сақталуын бақылау (кабинеттерде, зертханаларда, шеберханаларда, спорт залында, мектеп жанындағы учаскеде).
- #### 1.8. Мектепшілік бақылаудың функциялары:
- ақпараттық-талдаушылық;
 - бақылау-диагностикалық;
 - түзетімдік-реттеушілік.
- #### 1.9. Мектеп директоры және (немесе) оның тапсырмасы бойынша директордың орынбасары немесе сарапшылар қызметкерлер қызметінің мынадай нәтижелеріне мектепшілік бақылауды жүзеге асыруға құқылы:
- ҚР-ның білім беру саласындағы заңнамасын сақтау;

- білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;
- білім беру үдерісінде әдістемелік қамтамасыз етуді пайдалану;
- бекітілген білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын іскеасыру, бекітілген оқу графиктерін сақтау;
- жарғыны, ішкі еңбек тәртіптемесін, мектептің өзге де жергіліктіактілерін сақтау;
- оқушыларды аралық аттестаттаудан өткізу мен үлгерімге ағымдағыбақылау өткізу тәртібін сақтау;
- оқушылардың жекелеген санаттарына заңнамамен және жергілікті өзін өзі басқару органдарының құқықтық актілерімен қарастырылған қосымша жеңілдіктер мен материалдық қамтамасыз ету түрлерін өз уақытында беру;
- оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің денсаулығын сақтау мен нығайту мақсаттарындағы медициналық мекемелер мен қоғамдық тамақтандыру ұйымдары бөлімшелерінің жұмысы;
- мектеп директоры құзіретінің шеңберіндегі басқа да мәселелер.

1.10. Мектепшілік бақылау барысында педагогтерді бағалаған кездемыналар есепке алынады:

- мемлекеттік бағдарламаларды толық көлемінде орындау (материалдыөтуі, сарамандық жұмыстарды, бақылау жұмыстарын, экскурсиялар және басқалар);
- оқушылардың білім, шеберліктер, дағдылары мен дамуының деңгейі;
- оқушылардың дербестік дәрежесі;
- оқушылардың жалпы білімдік дағдыларды, зияткерлік бейімдіктерді меңгеруі;
- оқыту үдерісінде оқушыларды жіктеу;
- педагог пен оқушының бірлескен қызметі;
- оңды эмоциялық микроклиматтың болуы;
- оқу материалынан мазмұнды нәрсені іріктеу (оқушылардың білімдер жүйесін меңгеруіне бағытталған қосымша әдебиетті, ақпаратты, иллюстрациялар мен басқа да материалды іріктеу);
- педагогикалық жағдаяттарды, рефлексияны талдау, педагогикалық қызметтің нәтижелеріне өздігінен бақылау жасау қабілеті;
- өз қызметіне түзетімдер жасау шеберлігі;
- өз тәжірибесін қорыта білуі;
- өз дамуының жоспарын жасау және жүзеге асыру шеберлігі.

1.11. Педагог қызметіне бақылау жасау әдістері:

- сауалнама жүргізу;
- тестілеу;
- әлеуметтік сауалнама;
- мониторинг;
- бақылау;
- құжаттаманы зерделеу;

- сабақтарды өздігінен талдауды зерделеу;
 - оқушылардың қызметі туралы әңгімелесу;
 - оқушылардың оқу қызметінің нәтижелерін талқылау.
- 1.12. Оқу қызметінің нәтижелеріне бақылау жасау әдістері:

- бақылау;
- ауызша сауалнама;
- жазбаша сауалнама;
- білімді жазбаша тексеру (бақылау жұмысы);
- аралас тексеру;
- әңгімелесу, сауалнама, тестілеу;
- құжаттаманы тексеру.

1.13. Мектепшілік бақылау жоспарлық немесе оперативтік тексерулер, мониторинг, әкімшілік жұмыстарды жүргізу түрінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Жоспарлы тексерулер түріндегі мектепшілік бақылау бекітілген жоспар-графикке сәйкес жүзеге асырылады, ол мерзімдікті қамтамасыз етеді және тексерулерді ұйымдастырудағы тиімсіз қосарласуға мүмкіндік бермейді. Жоспар оқу жылының басында педагогикалық ұжым мүшелеріне ұсынылады.

Оперативтік тексерулер түріндегі мектепшілік бақылау бұзушылықтар фактілерін анықтау, оқушылар мен олардың ата-аналарынан немесе басқа азаматтар мен ұйымдардан түскен шағымдарда көрсетілген бұзушылықтар туралы мәліметтерді тексеру, сондай-ақ білім беру үдерісіне қатысушыларының арасындағы қақатығыстық жағдаяттарды реттеу мақсатында жүзеге асырылады.

Мониторинг түріндегі мектепшілік бақылау білім беру сапасын басқару міндеттерін (оқушылар денсаулығының жай-күйі, тамақтандыруды ұйымдастыру, режимді орындау, атқарушылық тәртіп, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, педагогикалық шеберліктің диагностикасы және т. б.) тиімді шешу үшін білім үдерісінің нәтижелері мен ұйымдастыру туралы ақпаратқа талдау жасау және өңдеуді, жүйелік есепке алуды, жинауды қарастырады.

Әкімшілік жұмыс түріндегі мектепшілік бақылауды мектеп директоры немесе оның оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары ағымдағы үлгерімге бақылау жасау шеңберіндегі оқытудың табыстылығын тексеру мақсатында және оқушыларды аралық аттестаттау мақсатымен жүзеге асырады.

1.14. Мектепшілік бақылаудың түрлері:

- алдын ала – алдын ала танысу;
- ағымдық – тікелей оқу-тәрбие үдерісін бақылау;
- қорытынды – мектеп пен педагогтар жұмысының тоқсан, жартыжылдық, оқу жылындағы жұмыс нәтижелерін зерделеу.

1.15. Мектепшілік бақылаудың формалары:

- дербес;
- тақырыптық;
- сыныптық-жалпылау;
- кешенді.

1.16. Мектепшілік бақылаудың Ережелері:

- мектепшілік бақылауды мектеп директоры немесе оның тапсырмасы бойынша оқу-тәрбие жұмыс жөніндегі орынбасарлары, әдістемелік

бірлестіктердің жетекшілері, басқа мамандар жүзеге асырады;

- бақылау бағдарламасы нақты тексеру мәселелерін белгілейді және мектеп қызметінің жекелеген тараулары немесе лауазымды тұлға бойынша қорытынды құжатты дайындау үшін мектепшілік бақылау нәтижелерінің салыстырылатындығы мен жеткілікті ақпараттылықты қамтамасыз етуі тиіс;
- сарапшылар қажетті ақпаратты сұратуға, мектепшілік бақылаунысанына қатысты құжаттаманы зерделеуге құқылы;
- жоспарлы бақылау өткізілген кезде егер айлық жоспарда бақылаудың мерзімдері көрсетілсе, онда мұғалімге қосымша ескерту жасау талап етілмейді. Директор мен оның оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары төтенше жағдайларда мектеп мұғалімдерінің сабақтарына алдын ала ескертусіз қатыса алады;
- оперативтік тексерулер кезінде педагогикалық қызметкерге сабағынақатысудан кем дегенде 1 күн бұрын ескертіледі;
- төтенше жағдайларда педагогикалық қызметкерге сабақтарына қатысудан бұрын кем дегенде 1 күн бұрын ескертіледі (төтенше жағдай болып бала құқықтарының, білім туралы заңнаманың бұзылуына түскен жазбаша шағым есептеледі).

1.17. Мектепшілік бақылау үшін негіз:

- педагогикалық қызметкердің аттестаттауға берген өтініші;
- жоспарлы бақылау;
- басқарушылық шешімдерді дайындау үшін істердің жай-күйінтексеру;
- жеке және заңды тұлғалардың білім беру саласындағы бұзушылықтаржөніндегі арыз-шағымдары.

1.18. Мектепшілік бақылаудың нәтижелері талдаушылық анықтама, мектепшілік бақылаудың нәтижелері туралы анықтамалар, тексерілген мәселе бойынша істердің жай-күйі туралы баяндама түрінде ресімделеді. Қорытынды материалда фактілер тіркеледі, қорытындылар жасалады, қажетболған кезде ұсыныстар жасалады. Нәтижелер туралы ақпарат мектеп қызметкерлеріне тексеру аяқталғаннан кейін жеті күннің ішінде хабарланады.

Оның формасы, мақсаттары мен міндеттеріне қарай, сондай-ақ істердің нақты жағдайлары есепке алына отырып мектепшілік бақылаудың қорытындылары бойынша:

- педагогикалық немесе ӘКтердің отырыстары, өндірістік кеңестер, педагогикалық құраммен жұмысшы кеңестері өткізіледі;
- жасалған ескертулер мен ұсыныстар мектептің істер номенклатурасына сәйкес құжаттамада тіркеледі;
- мектепшілік бақылау нәтижелері педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау кезінде есепке алынуы мүмкін, бірақ олар сраптамалық топтың қорытындысы үшін негіз болып табылмайды.

1.19. Мектеп директоры мектепшілік бақылаудың нәтижелері бойыншамынадай шешімдер қабылдайды:

- тиісті бұйрық шығару туралы;
- мектепшілік бақылаудың қорытынды материалдарын алқалы органның талқылауы туралы;
- белгілі бір мамандарды (сарапшыларды) тарта отырып қайтаданбақылау жүргізу туралы;
- лауазымды тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы;
- қызметкерлерді көтермелеу туралы;
- өз құзіреті шектеріндегі өзге де шешімдер.

1.20. Оқушылардың, олардың ата-аналарының, сондай-ақ басқа азаматтар мен ұйымдардың арыз-шағымдарында баяндалған мәліметтерді тексеру қорытындылары туралы оларға белгіленген тәртіпте және белгіленген мерзімдерде хабарланады.

ТАМЫЗ										
№ р/р	Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
I. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау										
1	Педагогикалық кеңес құрамын бекіту	педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастыру	ПК құрамы	тақырыптық	сайлау	тамыз, IV апта	Гимназия директоры Кайпулдаев А.К.	ПК	Бұйрық, хаттама	
2	ҚР-ның білім беру саласындағы нормативтік құжаттарды түсіндіру	Педагогикалық ұжымды 2023-2024 оқу жылына арналған нормативтік құжаттармен таныстыру	Әдістемелі жұмыс	жалпылама	талдау	тамыз, IV апта	ДОӘІЖО Рамазанов С.Н.	ПК	Анықтама	Әр тоқсан сайын
3	ҚР «Білім туралы» Заңын орындау	Тегін білім алуға конституциялық құқықты қамтамасыз ету	1-11 сынып оқушылары	тақырыптық	тікелей бақылау	тамыз, IV апта	ДОІЖО Турапбаева А.Т., Лесбекова Ж.Ж. Молдахалықова Ш.Т.	ПК	Анықтама	қаңтар
4	2023-2024 оқу жылына арналған гимназияның оқу-тәрбие жоспарын, біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жоспарын, локальді актіні, мектептің ішкі тәртіп ережесін, оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау, бекіту.	ҚР «Білім туралы» Заңын орындау	құжаттар	фронталды	талдау	тамыз, IV апта	Гимназия директоры Кайпулдаев А.К.	ПК	Жоспар, локальді акт.	ПК шешіміне сәйкес
5	2023-2024 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспарын (гимназия компоненті есебінен тереңдетіліп және кеңейтіліп оқытылатын пәндер),	Білім беру үдерісін қамтамасыз ету	жұмыстық оқу жоспары	тақырыптық	талдау	тамыз, IV апта	Гимназия директоры Кайпулдаев А.К. ДОІЖО Лесбекова Ж.Ж.	ПК	Бұйрық, жоспар	ПК шешіміне сәйкес

	мұғалімдердің апталық жүктемесін, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды бекіту									
6	Сынып комплектілерін бекіту және жеке пәндерді оқытуда сыныптарды топтарға бөлу	МЖМББС орындау	сыныптар	тақырыптық	талдау	тамыз, IV апта	ДОІЖО Турапбаева А.Т., Лесбекова Ж.Ж. Молдахалыкова Ш.Т.	ПК	Анықтама, бұйрық.	қаңтар
7	Білім алушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуі	Оқушыларды оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету	1-11 сыныптары	фронтальды	талдау	тамыз, IV апта	Кітапхана меңгерушісі Сабырбаева А.	ПК	Анықтама	
8	"Мектепке жол" акциясының жүргізілуі, жекелеген санаттағы және 1-4 сынып білім алушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру	МЖМББС орындау	аз қамтылған отбасылар	фронталды	талдау	тамыз, IV апта	Әлеуметтік педагог Абзалиева П.Б.	ПК	Анықтама.	Ай сайын
9	Мектеп кабинеттерін паспорттауға ұсыну туралы	Мектеп кабинеттерінің жай-күйі	Мектеп кабинеттері	тақырыптық	бақылау, талдау	тамыз, IV апта	ДОӘІЖО Рамазанов С.Н.	ПК	Анықтама	
10	Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын, мемлекеттік елтаңбасын және олардың бейнелерін, ҚР мемлекеттік гимнінің мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидалары.	Ереже, нұсқаулықпен таныстыру	педагогикалық ұжым	фронталды	бақылау	тамыз, IV апта	ДҚТДЖО Кудабаяв Н.Ж.	ДЖК	Анықтама.	ДЖК
II. Оқу процесінің сапасын бақылау										
11	2022-2023 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының	“Білім туралы” Заңды орындау	білім беру үдерісі	фронталды	талдау	тамыз, IV апта	Гимназия директоры Кайпулдаев А.К.	ПК	Талдау, анықтама	ПК шешіміне сәйкес

	қорытындысы. Гимназияның жаңа оқу жылындағы басым бағыттары.									
12	Мектептің жаңа оқу жылына дайындығы (мамандармен қамтылуы, сыныптарды жабдықтау, оқу кабинеттерінің дайындығы, мектеп жұмысының кестесін бекіту, мектеп құжаттарының жайы) материалдық-техникалық базасы. Техника және өрт қауіпсіздігінің алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар.	Мектептің жаңа оқу жылына дайындық деңгейін анықтау	материалды қ-техникалық база, оқу кабинеттері , техникалық қауіпсіздік	фронталды	мониторинг	тамыз, III апта	Гимназия директоры Кайпулдаев А.К.	ДЖК	Анықтама.	ДЖК шешіміне сәйкес
III. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау										
13	Мектепшілік педагогтерді аттестаттау комиссиясының құрамын, біліктілік санаттарын беруге (растауға) үміткер педагогтердің тізімін бекіту.	Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру	бұйрық	тақырыптық	талдау	тамыз, IV апта	Гимназия директоры Кайпулдаев А.К.	ПК	Бұйрық. Комиссия құрамы	қаңтар
14	2023-2024 оқу жылында мұғалімдердің біліктілігін жетілдірудің перспективалық жоспарын бекіту	Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру	кесте	фронталды	талдау	тамыз, IV апта	ДОӨІЖО Рамазанов С.Н.	ӘК	Кесте.	ай сайын
15	ӘК туралы ережені, құрамын бекіту, ӘК мүшелерінің арасында міндеттерді бөлу	Әдістемелік жұмысты жүйелеу	хаттама	фронталды	талдау	тамыз, III апта	Гимназия директоры Кайпулдаев А.К.	ӘК	Бұйрық, хаттама.	ӘК шешіміне сәйкес

16	Пән әдістемелік бірлестіктерінің жетекшілерін бекіту	Әдістемелік жұмысты жүйелеу	бұйрық	тақырыптық	талдау	тамыз, III апта	Гимназия директоры Кайпулдаев А.К.	ӘК	Бұйрық, хаттама.	ӘК шешіміне сәйкес
17	Мектептің 2023-2024 о.ж. әдістемелік жұмысын, әдістемелік кеңестің құрамын, әдістемелік бірлестіктерінің жоспарларын бекіту.	Әдістемелік жұмысты жүйелеу	құжаттар	фронталды	құжаттаманы зерттеу	тамыз, III апта	Гимназия директоры Кайпулдаев А.К.	ӘК	Хаттама.	ӘК шешіміне сәйкес
18	10-11 сыныптарда бейінді оқыту бағыттары	МЖМББС орындау	10-11 сыныптар	тақырыптық	талдау	тамыз, III апта	ДОӘЖО Рамазанов С.Н.	ӘК	Бұйрық. Анықтама.	ӘК шешіміне сәйкес
19	Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру	Негізгі жұмыс бағытын айқындау	Оқу-әдістемелік, тәрбие жұмыстары	Тақырыптық	Талдау	тамыз, III апта	ДОӘЖО Рамазанов С.Н.	ӘК	анықтама	үнемі
IV. Тәрбие процесінің, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау										
20	Қауіпсіздік техникасын сақтау. Өмір қауіпсіздігін сақтау негіздері, жолда жүру және жол апатының алдын алу жұмыстарының жоспарын бекіту.	Қауіпсіздік техникасының сақталуын қадағалау	құжат	фронталды	бақылау	тамыз, IV апта	ДҚТІЖО Кудабасев Н.Ж.	ДЖК	Бұйрық. Анықтама.	ДЖК
21	1 қыркүйек “Білім күнінің” өткізілу жоспарын бекіту.	Жаңа оқу жылының басталуына орай салтанатты іс-шара	жоспар	тақырыптық	талдау	тамыз, III апта	ДТІЖО Сатенов К.Н.	ДЖК	Бұйрық, жоспар.	ДЖК шешіміне сәйкес
ҚЫРКҮЙЕК										
№ р/р	Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
I. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау										
1	Білім алушылардың жеке ісқағаздарының дұрыс жүргізілуін бақылау	Білім алушылардың жеке ісқағаздарының жаңартылуын	Білім алушылардың жеке іс қағазы	Тақырыптық	Құжаттарды тексеру	қыркүйек I-III апта	ДОІЖО Турапбаева А.Т., Лесбекова Ж.Ж. Молдахалыкова Ш.Т.	ДЖК	анықтама	ДЖК шешіміне сәйкес

	қорытындысы	бақылау								
2	Сабақ кестесінің санитарлық талаптарға сәйкестігі мен “Kundelik.kz” жүйесінің жұмысын ұйымдастыру мен барлық деректердің электрондық журналға енгізілуін тексеру қорытындысы	Санитарлық талаптарды орындау мен деректердің электрондық журналдарға енгізілуін бақылау	сабақ кестелері мен 1 – 11 сыныптың электрондық журналдары	тақырыптық	талдау	қыркүйек I апта	ДОЖО Туралбаева А.Т., Лесбекова Ж.Ж. Молдахалыкова Ш.Т. ДАЖО Жазылбеков Н.А.	ДЖК	Анықтама.	ДЖК шешіміне сәйкес
3	Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы	Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету.	Асхана, ас мәзірі	Фронталды	Кешенді-жалпылаушы бақылау / Асхана құжаттарын тексеру, ата-аналар мен оқушылар арасында сауалнама жүргізіу	қыркүйек	Әлеуметтік педагогтер	ДЖК	анықтама	Ай сайын
II. Оқу процесінің сапасын бақылау										
4	2, 3, 4 сыныптарда оқушылардың оқу техникасын зерделеу қорытындысы	Оқушылардың оқу техникасын меңгеруін зерделеу	2-4 сынып оқушылары	фронталды	талдау	қыркүйек II-III апта	ДОЖО Молдахалыкова Ш.Т.	ДЖК	Анықтама	сәуір
5	Оқушылардың білім деңгейіне бастапқы бақылау кесімі қорытындылары	Каникул кезеңінен кейінгі білім деңгейін анықтау	Негізгі пәндер бойынша білім деңгейі әр мектепте өздігімен анықталады	фронталды	талдау	қыркүйек I-II апта	ДОЖО Туралбаева А.Т., Лесбекова Ж.Ж. Молдахалыкова Ш.Т.	ДЖК	Анықтама	ДЖК шешіміне сәйкес
6	Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің әдістемелік онкүндігі	ағылшын тілі пәнінің оқытылу сапасын бақылау.	пән мұғалімдері	фронталды	сабаққа қатысу, пәннің оқытылуын талдау	қыркүйек III-IV апта	Комиссия мүшелері	ДЖК	Анықтама	қаңтар
III. Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау										
7	Қорытынды	МЖМББС	білім	фронталды	талдау	қыркүйек	ДОЖО	ДЖК	Анықтама	Ай сайын

	аттестаттауға дайындық пен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жұмыстарының ұйымдастырылу деңгейі	орындау	сапасы			I-II апта	Туралбаева А.Т., Лесбекова Ж.Ж. Молдахалыкова Ш.Т. психологтар			
IV. Оқу-зерттеу қызметі										
8	Үйде оқытылу мен инклюзивті білім беру жайы	МЖМББС орындау	инклюзивті білім беру	тақырыптық	құжаттаманы зерттеу	қыркүйек I апта	ДОІЖО Молдахалыкова Ш.Т.	ДЖК	Анықтама	ДЖК шешіміне сәйкес
9	Зерттеуді жүргізу жоспарын іске асыру	Зерттеу бойынша жоспардың сапалы және уақытында орындалуын анықтау	Зерттеу жүргізу бойынша жоспарды іске асыру	Тақырыптық	Ғылыми жетекшінің рефлексивті талдауы, ғылыми жобаға қатысушылар мен оқушылар арасындағы сауалнама	қыркүйек II-III апта	Ұйымдастырушы педагогтер	Директор жанындағы отырыс	Анықтама	ДЖК шешіміне сәйкес
V. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау										
10	Жас мамандарға тәлімгерлерді тағайындау	Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету, жұмыс үшін қолайлы жағдайлар жасау	Жас мамандар	Тақырыптық	Бақылау	қыркүйек I-II апта	ДОӘІЖО Рамазанов С.Н.	ДЖК	анықтама	
VI. Тәрбие процесінің, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау										
11	Гимназияда “Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы” Заңның орындалуы	Оқушылардың құқықтарын қорғау	оқушылар	фронталды	бақылау, талдау	қыркүйек I-II апта	ДҚТІЖО Кудабаев Н.Ж.	ДЖК	Анықтама	ДЖК шешіміне сәйкес

	туралы									
12	Мектепшілік тәртіптік рейд қорытындысы	ішкі тәртіп ережелерінің орындалуын бақылау	сыныптар	фронталды	рейд	қыркүйек I-II апта	ДТДЖО Сатенов К.Н.	ДЖК	Бұйрық, жоспар.	ДЖК шешіміне сәйкес
ҚАЗАН										
№ р/р	Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
I. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау										
1	“Kundelik.kz” жүйесінің жұмысы, электронды журналдардың толтырылуын тексерудің қорытындысы	“Kundelik.kz” электронды журналдарды толтыру сапасын бақылау	“Kundelik.kz” жұмысы	фронталды	бақылау, талдау	қазан I апта	ДАДЖО Жазылбеков Н.А.	ДЖК	Анықтама.	ДЖК шешіміне сәйкес
2	Қысқы жылыту маусымына дайындық жұмыстарының барысы мен мектеп мүлкін есепке алу жұмыстарының қорытындысы	Жылыту маусымына дайындық жұмыстарының сапасы мен мектептің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін бақылау	мектеп ғимараты	фронталды	талдау	қазан I апта	ДШЖО Исхаков Х.Т.	ДЖК	Анықтама.	ДЖК шешіміне сәйкес
3	Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы	Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету.	Асхана, ас мәзірі	Фронталды	Кешенді-жалпылаушы бақылау / Асхана құжаттарын тексеру, ата-аналар мен оқушылар арасында сауалнама жүргізіу	қазан	Әлеуметтік педагогтер	Директор жанындағы отырыс	Анықтама	Ай сайын
4	Пәндер бойынша оқу бағдарламаларының орындалуы, күнтізбелік-	Оқу бағдарламасын орындалуы, сапасын	Оқу бағдарламасы, күнтізбелік-	Тақырыптық	Құжат тексеру	Қазан	ДОДЖО Турапбаева А.Т., Лесбекова Ж.Ж. Молдахалыкова Ш.Т.	ДЖК	анықтама	ДЖК шешіміне сәйкес

	тақырыптық жоспармен сәйкестігі. Қысқа мерзімді жоспарлар мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды тексеру қорытындысы	бақылау	тақырыптық жоспарлар, қысқа мерзімді жоспарлар				ДОӘЖО Рамазанов С.Н.			
II. Оқу процесінің сапасын бақылау										
5	Математика және информатика пәні мұғалімдерінің әдістемелік онкүндігі	Математика және информатика пәндерінің оқытылу сапасын бақылау.	пән мұғалімдері	фронталды	сабаққа қатысу, пәннің оқытылуын талдау	қазан	Комиссия мүшелері	ДЖК	Анықтама	қаңтар
6	Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік онкүндігі	бастауыш сыныпта пәндердің оқытылу сапасын бақылау.	пән мұғалімдері	фронталды	сабаққа қатысу, пәннің оқытылуын талдау	қазан	Комиссия мүшелері	ДЖК	Анықтама	ақпан
III. Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау										
7	Қорытынды аттестаттауға дайындық пен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жұмыстарының барысы	МЖМББС орындау	білім сапасы	фронталды	талдау	қазан	ДОЖО Туралбаева А.Т., Лесбекова Ж.Ж. Молдахалыкова Ш.Т.	ДЖК	Анықтама, мониторинг	ДЖК шешіміне сәйкес
IV. Оқу-зерттеу қызметі										
8	Мектепшілік олимпиаданы өткізу жоспарын талдау және бекіту	дарынды оқушыларды анықтау және қолдау	дарынды оқушылар	фронталды	бақылау, талдау	қазан I, II апта	Ұйымдастырушы педагогтар	ДЖК	Бұйрық. Жоспар.	
V. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау										
9	Жас мамандар онкүндігі, «Жас маман – 2023» байқауының қорытындысы және жас мамандарға психологиялық қолдау,	Жас мамандарды кәсіби қолдау	Жас мамандар	тақырыптық	тренинг	қазан I апта	ДОӘЖО Рамазанов С.Н. Психологтар, комиссия мүшелері	ДЖК	Анықтама.	ДЖК шешіміне сәйкес

	кәсіби қиындықтарын анықтау жұмыстарының нәтижесі									
VI. Тәрбие процесінің, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау										
10	Азаматтық қорғаныс күндерін өткізу жұмыстары.	Азаматтық қорғану күндерінің уақытылы және сапалы өткізілуі	сыныптар	фронталды	оқу-жаттығулар	қазан I, II апта	ДҚТДЖО Кудабаев Н.Ж., АӘД мұғалімі Курбанов М.С.	ДЖК	Анықтама	ДЖК шешіміне сәйкес
11	Ата-ана мен баланың қарым-қатынасын анықтау жұмыстарының қорытындысы	Ата-ана мен баланың қарым-қатынасын анықтау	сыныптар	фронталды	психологиялық диагностика	қазан I апта	Психологтар Байдуалы А. Толендибаева Ф.	ДЖК	Анықтама.	ДЖК шешіміне сәйкес
ҚАРАША										
№ р/р	Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
I. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау										
1	“Тіл туралы” Заңның орындалуы, “Қазақ тілі қоғамының” жұмысы	Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту	мектепшілік «Қазақ тілі қоғамының» жұмысы	тақырыптық	бақылау, талдау	қараша	Қоғам жетекшісі Байлиева А.Б.	ПК	Анықтама.	ПК шешіміне сәйкес
2	ҚР-ның білім беру саласындағы нормативтік құжаттарды түсіндіру	Педагогикалық ұжымды 2023-2024 оқу жылына арналған нормативтік құжаттармен таныстыру	Әдістемелік жұмыс	жалпылама	талдау	қараша	ДОӘЖО Рамазанов С.Н.	ПК	анықтама	Әр тоқсан сайын
3	“Kundelik.kz” жүйесінің жұмысы, электронды журналдардың толтырылуын тексерудің қорытындысы	“Kundelik.kz” электронды журналдарды толтыру сапасын бақылау	“Kundelik.kz” жұмысы	фронталды	бақылау, талдау	қараша	ДАДЖО Жазылбеков Н.А.	ДЖК	Анықтама.	ДЖК шешіміне сәйкес
4	Қатаң есептегі	Қатаң есептегі	қатаң	тақырыптық	бақылау	қараша	Комиссия мүшелері	ДЖК	Анықтама	ДЖК

	құжаттарды бақылау қорытындысы	құжаттарды жүргізілу деңгейі	есептегі құжаттар			I-II апта				шешіміне сәйкес
5	БЖБ және ТЖБ-ның орындалуын тексеру қорытындылары	Аралық бақылау жұмыстарының талапқа сай жүргізілуін қадағалау	БЖБ, ТЖБ қорытындылары	фронталды	бақылау, мониторинг, талдау	қараша	ДОЖО Туралбаева А.Т. Лесбекова Ж.Ж. Молдахалыкова Ш.Т.	ДЖК	Анықтама	ДЖК шешіміне сәйкес
6	Өртке қарсы қауіпсіздік жайы.	Қауіпсіздік шараларын сақтау	мектеп ғимараты	фронталды	бақылау, талдау	қараша	ДШЖО Исхаков Х.Т.	ДЖК	Анықтама	ДЖК шешіміне сәйкес
7	Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы	Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету.	Асхана, ас мәзірі	Фронталды	Кешенді-жалпылаушы бақылау / Асхана құжаттарын тексеру, ата-аналар мен оқушылар арасында сауалнама жүргізіу	қараша	Әлеуметтік педагогтер	ДЖК	Анықтама	Ай сайын
II. Оқу процесінің сапасын бақылау										
8	Білім сапасын көтеру іс-шараларының орындалу деңгейі, I тоқсан қорытындысы.	Тоқсандық қорытындыға мониторинг жүргізу	Сыныптардың тоқсандық қорытындысы	Тақырыптық	Талдау	қараша	ДОЖО Туралбаева А.Т. Лесбекова Ж.Ж. Молдахалыкова Ш.Т.	ПК	анықтама	қаңтар
9	Мектеп түлектерін қорытынды аттестаттауға дайындау жұмыстарының деңгейі	Білім сапасын қадағалау	қорытынды аттестаттауға дайындық	фронталды	мониторинг, талдау	қараша I апта	ДОЖО Туралбаева А.Т.	ПК	Анықтама	ПК шешіміне сәйкес
10	Білім алушылардың сабаққа қатысуы	Білім алушылардың сабаққа қатысуын зерделеу	Сыныптардың сабаққа қатысу журналдары, білім алушылар	Тақырыптық	Бақылау	қараша	ДТЖО Сатенов К.Н.	ДЖК	анықтама	наурыз
11	Пәндерді тереңдетіп оқытатын	Сабақ жүргізілу	Тереңдетілген	Тақырыптық	білімді тексеру	қараша	ДОЖО Туралбаева А.Т.	ДЖК	анықтама	ДЖК шешіміне

	сыныптардағы оқу мен оқыту үдерісін бақылау	сапасын бағалау	сыныптар, білім алушылар, пән мұғалімдері				Лесбекова Ж.Ж. ДОӘЖО Рамазанов С.Н. Комиссия мүшелері			сәйкес
12	Жаратылыстану пәндері мұғалімдерінің әдістемелік онкүндігі	жаратылыстану пәндерінің оқытылу сапасын бақылау.	пән мұғалімдері	фронталды	сабаққа қатысу, пәннің оқытылуын талдау	қараша	Комиссия мүшелері	ДЖК	Анықтама	ақпан
13	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдістемелік онкүндігі	қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытылу сапасын бақылау.	пән мұғалімдері	фронталды	сабаққа қатысу, пәннің оқытылуын талдау	қараша	Комиссия мүшелері	ДЖК	Анықтама	наурыз
III. Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау										
14	1, 5, 10-сынып оқушыларының бейімделу деңгейі	Бастауыш буын мен орта буынның сабақтастығын бақылау, зерттеу	5-сыныптар	тақырыптық	мониторинг, талдау	қараша	ДОІЖО Туралбаева А.Т. Лесбекова Ж.Ж. Молдахалықова Ш.Т., психолог, әлеуметтік педагог	ПК	Анықтама	ПК шешіміне сәйкес
15	Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыстарды ұйымдастыру	Үлгерімі нашар оқушылармен уақтылы және тиімді жәұмыс жасаудың тиімді тәсілдерін анықтау	Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспары	Фронталды	Талдау	қараша	ДОІЖО Туралбаева А.Т. Лесбекова Ж.Ж. Молдахалықова Ш.Т.	ӘК	Анықтама	ӘК шешіміне сәйкес
IV. Оқу-зерттеу қызметі										
16	Оқу-танымдық қызметке жоғары мотивациясы барбілім алушылармен жұмыс («Алтынбелгіге», үздік аттестатқа үміткерлер)	Оқу жетістіктерін үнемі бақылау	9, 11 сынып білім алушыларының тоқсандық қорытындысы	Тақырыптық	Бақылау, білімді тексеру	қараша	ДОТІЖО Туралбаева А.Т.	ПК	анықтама	ПК шешіміне сәйкес
17	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жұмыстарының деңгейі	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту	халықаралық зерттеулер мен ББЖМ	фронталды	мониторинг, талдау	қараша I апта	ДОІЖО Туралбаева А.Т. Лесбекова Ж.Ж. Молдахалықова Ш.Т.	ПК	Анықтама	ПК шешіміне сәйкес

	(ББЖМ, халықаралық зерттеулер)		дайындық							
18	Мектепшілік пәндік олимпиада қорытындысы	Дарынды оқушылармен жұмыс деңгейі	пәндік олимпиада қорытындысы	тақырыптық	мониторинг, талдау	қараша	Ұйымдастырушы педагогтар	ДЖК	Анықтама	ДЖК шешіміне сәйкес
19	Дарындылықты анықтау жұмысарының қорытындысы	Дарынды оқушыларды анықтау	1-11 сынып оқушылары	фронталды	тест, сауалнама, мониторинг, талдау	қараша	Педагог-психологтар	ДЖК	Анықтама	ДЖК шешіміне сәйкес
20	5 –сынып білім алушыларының бейімделу кезеңінде көмек, психологиялық ортаны зерттеу қорытындысы	5-сынып білім алушыларының жаңартылған білім беру мазмұнына бейімделуін бақылау	Білім алушылар, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері	Тақырыптық	Бақылау, білімді тексеру	қараша	ДОТЖО-лары, психолог	ДЖК	анықтама	ӘК шешіміне сәйкес
21	Ғылыми жұмыстың, жобаның сапасы мен бәсекеге қабілеттілігі	Жақсарту мақсатында жобаларға және зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету	Жоба мазмұны	Тақырыптық	SWOT-талдау, туындайтын қауіптер	қараша	Ұйымдастырушы педагогтер	ӘК	Анықтама	ӘК шешіміне сәйкес
V. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау										
22	«БЖБ және ТЖБ спецификациясы» баяндама	Тәжірибе алмасу	пән мұғалімдері	тақырыптық	шеберлік сынып	қараша	Жунисова Р.К. Рахметкулқызы М.	ӘК	Шеберлік сынып жоспары.	
23	Сабақты зерттеу мен іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстарының барысы	Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру	Сабақты зерттеу топтары	тақырыптық	бақылау, талдау	қараша	ДОӘЖО Рамазанов С.Н.	ӘК	Анықтама	ӘК шешіміне сәйкес
VI. Тәрбие процесінің, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау										
24	Кәсіби бағдарлау жұмыстарының барысы	Ерте кәсіби бағдарлау жұмыстарының сапасы	кәсіби бағдарлау	фронталды	талдау	қараша	Әлеуметтік педагогтер	ӘК	Анықтама	ӘК шешіміне сәйкес
25	Әлеуметтік желілердің оқушы психологиясына	Мұғалімдерді ақпараттық-	Оқушылардың	тақырыптық	ақпараттық талдау	қараша	Педагог-психологтар Толендібаева Ф.	ӘК	Анықтама	ӘК шешіміне

	әсері	әдістемелік қолдау	психологиялық ерекшеліктері							сәйкес
26	Сынып жетекшілер бірлестігінің жұмысы	Бірыңғай тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру	Сынып жетекшілер бірлестігінің жұмысы	тақырыптық	талдау	қараша	ДТЖО Сатенов Қ., бірлестік жетекшілері	ӘЖ	Анықтама	
27	Сабақтан тыс тәрбиелік жобаларды ұйымдастыру және оны іске асыру	«Оқуға құштар мектеп», дебаттық қозғалыс, «Балалар және театр» акциясын өткізу сапасын анықтау	Тәлімгердің жұмыстары, тәрбие орынбасары	Тақырыптық	жобалардың жоспарларын зерделеу, іс-шараларды талдау	қараша	ДТЖО Сатенов К.Н.	ДЖК		қаңтар

ЖЕЛТОҚСАН

№ р/р	Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
-------	------------------	-----------------	-------------------	--------------	------------------	--------------------	------------	------------	--------------------	----------------

I. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау

